

Багаева Н.У., Иманғалиева С.

Еуразиялық экономикалық одақта Еуропалық одақ тәжірибесін қолдану мүмкіндіктері

Мақалада экономикалық интеграцияның еуропалық тәжірибесі және оның ЕЭО қалыптасуы мен дамуын қабылдау түрлері қарастырылады. Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің экономикадағы мемлекетаралық инновациялық кеңістігін қалыптастыру мүмкіндігі бағаланады. Бұл жұмыста заманауи интеграциялық үдерістерге талдау жүргізіледі. Зерттеудегі негізгі екпін екі түрлі интеграциялық топтарды салыстыруға жасалған: Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) және Еуропалық одақ (ЕО). Және де бұл мақалада Еуропалық одақ және Еуразиялық экономикалық одақ экономикалық интеграцияның ерекшеліктері салыстырмалы талданады, сонымен қатар қатысушы елдер үшін салдары зерттеледі. ЕО толығырақ талдануы жас еуразиялық интеграцияға болашақтағы қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді. Бұрынғы социалистік мемлекеттердің уақыт өте және сауатты интеграциялануы өзекті болып қалған тарихи байланыстардың жаңғыруына ықпал етеді.

Түйін сөздер: Еуразиялық экономикалық одақ, Еуропалық одақ, интеграциялық үдерістер, посткеңестік кеңістік, экономикалық көрсеткіштер, Кедендік одақ.

Bagayeva N.U., Imangaliyeva S.

The possibility of using the experience of the European Union in the Eurasian Economic Union

The research studies European experience of economic integration and variations of its implementation in developing EEU. Possibilities of formation of interstate innovative space in economy of the countries of the Eurasian economic union (EEU) are estimated. In this work the analysis of modern integration processes is carried out. The main emphasis in the studying is placed on the comparison of two different integration groupings like the Eurasian Economic Union (EEU) and the European Union (EU). And the article is dedicated to the analysis of the particularities of economical integration in European Union and Eurasian Economic Union (EEU), as well as study of integration effects for the participant countries. The detailed analysis of the EU perhaps let the young Eurasian integration avoid possible mistakes. Stepwise and proper integration of the former socialist countries helps to restore the historical ties that remain relevant over time.

Key words: the Eurasian Economic Union, the European Union, integration processes, post-Soviet space, economic indicators, the Customs Union.

Багаева Н.У., Иманғалиева С.

Возможности использования опыта Европейского союза в Евразийском экономическом союзе

В статье рассматривается европейский опыт экономической интеграции и вариации его применения в становлении и развитии ЕЭС. Оценены возможности формирования межгосударственного инновационного пространства в экономике стран Евразийского экономического союза (ЕЭС). В данной работе проводится анализ современных интеграционных процессов. Основной акцент в исследовании сделан на сравнении двух различных интеграционных группировок: Евразийского экономического союза (ЕЭС) и Европейского союза (ЕС). Данная статья посвящена сравнительному анализу особенностей экономической интеграции Европейского союза и ЕЭС, а также исследованию ее последствий для стран – участниц. Детальный анализ ЕС может позволить молодой евразийской интеграции избежать возможных ошибок. Постепенная и грамотная интеграция бывших социалистических стран способствует возобновлению исторических связей, которые остались актуальными с течением времени.

Ключевые слова: Евразийский экономический союз, Европейский союз, интеграционные процессы, постсоветское пространство, экономические показатели, Таможенный союз.

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ОДАҚТА ЕУРОПАЛЫҚ
ОДАҚ ТӘЖІРИБЕСІН
ҚОЛДАНУ
МҮМКІНДІКТЕРІ**

Кіріспе

Әлемдік экономикада маңызды рөл атқаратын басқа да негізгі үдерістермен қатар, үдемелі жаһандану да маңызды орын иеленеді, ол мемлекетаралық және ұлттаралық қатынастардың интерұлттануын қарастырады. Жаһанданудың белгілері арасында әлемдік экономиканың және халықаралық қатынастардың ажырамас бөлігіне айналған интеграциялық үдерістер ерекшеленеді. Ауқымды интеграциялық үдерістер XX ғасырдың екінші жартысында басталған.

Әлемдік алаңда (арена) қазіргі таңда әлдеқайда маңызды болып келесі топтар қалыптасқан: ЕО, НАФТА (North American Free Trade Agreement) және Азиялық – Тынық мұхиттық экономикалық ынтымақтастық (АТЭБ). Кеңес Одағының бұрынғы мемлекеттері территориясында жуырда ғана Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) пайда болды. Көшбасшылары әзірге Беларусь, Қазақстан, Ресей және Армения мен Қырғызстан болып табылатын бұл жоба көп маңызы бар басымдылықтарға ие. Соған қарамастан, басқа интеграциялық топтардың жіберген қателіктерін қайталамау үшін, ЕО жағымды тәжірибесінен үлгі алудың мәні бар.

Негізгі бөлім

Бұл зерттеудің мақсаты ЕЭО және ЕО салыстырмалы талдаудың базасындағы теориялық және тәжірибелік ерекшеліктерде, ары қарай қорытынды мен ұсыныс жасаумен зерттеу болып табылады. ЕО қазіргі таңда басқа интеграциялық топтарға қарағанда интеграцияның ең жоғары деңгейіне қол жеткізді. ЕО қалыптасу үдерісі ұзақ және күрделі үдеріс болды. ЕО құру идеясы сонау 1950 жылы-ақ айтылған. ЕО интеграциялық үдеріс барысында Маастрихт келісімінің үш бірлестіктің ішінен 1993 жылы өз күшіне енуінен соң қалыптасты, ол бірлестіктер: Еуропалық көмір мен болат бірлестіктері (ЕКББ), Еуропалық экономикалық қауымдастық (ЕЭҚ) және Еуропалық тәуелсіз сауда ассоциациясы (ЕТСА). 1999 жылы ЕО экономикалық және валюталық одаққа айналды [1], ол уақытта осы интеграциялық топтың құрамында 28 мемлекет болды [2].

Қазіргі таңда Еуро аймақтағы жағдай ауырлау. Бір жағынан, одақтық қатынастар Еуропаға үлкен пайда әкелді: тәуелсіз нарық, тәуелсіз кооперация және жаһандануды жылдамдату. Басқа жағынан, – таразының бір жағына экономиканы орнату қателік болды, мысалы, Грекия мен Германия экономикасы. Орын алған жағдайдан шығудың жолы мен ЕО мемлекеттерінің арасындағы тепе-теңдікті қалыпқа келтіру тәсілі ретінде интеграцияның жаңа деңгейге көшуін айтуға болады: ЕО конфедеративті одаққа айналдыру [3].

ЕЭО ЕО қарағанда жас бірлестік болып табылады. Еуразиялық интеграцияны қалыптастыру туралы пікір Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен 1994 жылы айтылған болатын. ЕурАзЭО бекіту туралы келісімге 2000 жылдың 10 қазанында қол қойылды және 2001 жылдың 30 мамырында ғана ол өз күшіне енді. 2010 жылы ЕурАзЭО Кедендік Одақ қалыптасты, оған Беларусь, Қазақстан және Ресей кірді. Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) – Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекет басшылары арасында 2014 жылдың 29 мамырында қол қойылған келісім негізінде құрылған экономикалық одақ. Мүше елдердің парламенттері бекітіп, Одақ 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді [4]. ЕЭО КО қалыптасуының басым принциптерінің біріне, мысалы, ЕО болғандай кеңейту емес, тереңдету жатады. Ол ЕО бастан кешіріп жатқан мәселелердің алдын алуға көмектеседі. Басқа мемлекеттер КО өздері дайын болған кезде қосылады. Одақтың басты Органы ЕЭО мемлекет аралық кеңесі жатады, оған мемлекеттердің басшылары мен үкіметтері кіреді [5].

Қазіргі таңда Одақ ЕО сияқты валюталық одақ болып табылмайды, себебі мүше-мемлекеттердің экономикалық дамуы деңгейі тең емес. Рубльді бірыңғай валюта ету идеялары болды, бірақ Ресейдің экспорты Қазақстан мен Беларусь экспортынан бірнеше есе жоғары, сол себепті бұл қадам КО мүшелері экономикасының әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, БАҚ ЕЭО бірыңғай валютасы болашақта «алтын» деп аталатыны туралы ақпарат кездесті.

Бірыңғай валюта туралы идея Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі. Ресей Президенті Владимир Путин және Беларусь Президенті Александр Лукашенко осы идеяны қолдайды, бірақ Беларусь көшбасшысының кейбір қарсылықтары бар, сол себепті бұл жоба келістіру деңгейінде жатыр. Сонымен ЕЭО және ЕО құрылуының көптеген тарихи ерекшелікте-

рімен қоса, олардың экономикалық көрсеткіштері де ерекшеленеді [6]. Одақ толық қалыптаспай ортақ валюта туралы ой қозғаудың ерте екендігін көруге болады, яғни бұл болашақтың еншісінде.

Түрлі экономикалық көрсеткіштердің үлкен тізімі бар, олар ел экономикасының жағдайын сипаттайды. Осы көрсеткіштерге баға беру көзі ретінде Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) [7] статистикалық мағлұматтары рөл атқарды, сыртқы сауда туралы мағлұматтар РФ Федералды кедендік қызметінің (ФКК) сыртқы саудасының кедендік статистикасынан алынды [8]. Салыстырудың ыңғайлы болуы үшін талдауда Еуро аймақтың үш мемлекеті ғана пайдаланылды: Германия, Франция және Ұлыбритания.

ЕЭО болып өзгермес бұрын ЕурАзЭС және ЕО экономикалық көрсеткіштерін салыстыру үшін назар аударуды қажет ететін бірінші нәрсе – ол сандардағы айрықша айырмашылықтар. КО мемлекеттерінің ортақ ЖІӨ 2 млрд. долл. деңгейінде тербелгенде, ал Германия, Франция және Ұлыбританияда да – 2 млрд. долл. құрауы мүмкін емес. Осы айғаққа дәлелдеме ретінде Германия, Франция және Ұлыбританияның дамыған мемлекеттер тобына жататындығын, ал Ресей, Қазақстан және Беларусь – өтпелі экономикасы бар елдерге жататынын айтуға болады.

Жалпы еуразиялық интеграция мемлекеттердің мүдделері арқасында ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың да мүдделі болуынан жағымды сипатқа ие, себебі олардың алдында бизнес жүргізу мен ортақ территорияда өзара тиімді қатынастар құру мүмкіндігі ашылады.

Алайда, ЕО-да ЕЭО-ға жетіспейтін бір басымдылық бар: еуропалық интеграция өз құрамына үлкен және кіші мемлекеттерді де кіргізеді, ал ЕЭО қатысудағы үлестер тең екендігіне қарамастан, басым үлесі Ресейге тиесілі. Осының салдарынан ауыр стратегиялық міндеттерді шешу мен келістіруге қатысты мәселелер туындайды: Ресей тең құқықтық серіктес бола алмайды [9]. Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуынан соң, одақ шеңберінде бірыңғай валюталық жүйе құру мәселесі өзекті болып қала береді.

Бірыңғай валюталық қатынастардың дамуына ықпал ете алатын бірқатар басымдықтарға қарамастан, Одақта, сонымен қатар жалпы ТМД осыған тосқауыл жасайтын мәселелер бар. Еуро аймағы жалғасушылық мерзімде қалыптасты, соның өзінде де мәселелер туындады, олар қаржылық экономикалық дағдарыс барысында нақты көрініс тапты. Басым экономикалық көрсеткіштерге баға беру барысында,

ЕЭО аймағының, ТМД сияқты валюталық одақ деңгейіне көшуге дайын емес екені анықталды.

Алдымен заңнамалық базаны өңдеу, мүше-мемлекеттердің экономикалық дамуы деңгейін теңестіру, сонымен қатар ішкі потенциалды пайдалану және дамудың постиндустриалды кезеңіне өту үшін экономиканы жаңарту қажет етіледі [10].

Шүбәсіз ЕЭО посткеңестік кеңістік мемлекеттеріне жағымдық ықпал етуі мүмкін. ЕЭО, және оның көшбасшысы – Ресейде бірқатар басымдылықтар бар – жана мүмкіндіктердің қатары ашылады. ЕЭО ЕО бәсекелестік құрғысы келеді немесе Одақ Ресейдің империялық жобасы деп айтуға болмайды. Керісінше, ЕЭО Азия мен Еуропа арасындағы байланыстырушы одақ ретінде қызмет етеді, ол халықаралық қаржылық институттарға шектеулі түрде енеді. Ресейдің Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) сәтті кіруінен соң, Қазақстан мен Беларусь өздерінің экономикалық жағдайлары дайын болған кезде өз серіктесінен үлгі алуы керек. Кез келген жағдайда да, Одақтың барлық жетістіктеріне қарамастан, ЕЭО тізімінен Украинаның түсуі мүмкіндігі жоғары еді, ол әрқашан да Ресейдің басты серіктестерінің бірі болған. Украинасыз толық сәтті интеграция болмайды [11].

Осылайша, ЕО қарағанда ЕЭО үшін бірінші орында интеграцияның сапасын жақсарту

жатыр. Оған КСРО заманының тарихи қалыптасқан байланыстары ықпал етеді. Ортақ менталитет, сонымен қатар көп жылдық тәжірибе осы жобаның сәтті болуына ықпал етпек.

Сонымен, ЕЭО басты мақсаттары төрт еркіндікті қамтамасыз ету болып табылатындығын атап өтті: тауарларды, қызметтерді, капитал мен жұмыс күшінің алуарсыз және шектеулерсіз айналымы, оған қоса экономиканың түрлі салаларында мүше мемлекеттер үйлестірілген, келісілген және бірыңғай саясатты жүргізу арқылы Одақ елдерінің экономикасын жаңарту, сондай-ақ бірыңғай инфрақұрылымды құру болып табылады [12].

Қорытынды

Қазіргі уақытта ЕЭО жиналған бүкіл тікелей шетел инвестицияларының 70%-ын Еуропадан келген инвестициялар құрайды және Еуразиялық экономикалық одағы елдерінің 65% инвестициясы – Еуропалық одақ елдеріне құйылатын инвестициялар. ЕЭО барлық тауар айналымының 50% көбі ЕО тиесілі. Сондықтан, екі одақтың артықшылықтары мен кемшіліктеріне қарамастан, жас ЕЭО-ның ЕО-дан алар тәжірибесі көп және де Еуропалық және Еуразиялық экономикалық одақтары ынтымақтастығының қажеттілігі зор.

Әдебиеттер

- 1 История мировой экономики: учебник для вузов. – 3-е изд., перераб. и доп. / под ред. Г.Б. Поляка, А.Н. Марковой. – М.: ЮНИТИ, 2011. – 671 с.
- 2 Европейский союз // официальный сайт. – URL: <http://europa.eu>.
- 3 Henrik Müller. Währungskrise: Warum Europa zur Super-Nation werden muss // Spiegel online, 2012. – URL: <http://www.spiegel.de/wirtschaft/warum-die-euro-krise-zum-europaeischen-bundesstaat-fuehrt-a-856381.html>.
- 4 Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылды – 29.05.2014 // http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/page_216906_
- 5 Евразийский экономический союз. Хронология развития // <http://www.eaeunion.org/#about-history>
- 6 У Евразийского союза появится единая валюта и Центробанк, 2014 // Институт Русского зарубежья. – URL: <http://www.russkie.org/index.php?module=fullitem&id=32228>.
- 7 База статистических данных Международного валютного фонда // IMF, World Economic Outlook Database, October 2013. – URL: <http://www.imf.org/external/data.htm>.
- 8 Таможенная статистика внешней торговли Федеральной таможенной службы РФ. – URL: http://www.customs.ru/index.php?option=com_content&view=article&id=13858&Itemid=2095.
- 9 Гринберг Р.С. Евразийский союз: хрупкие надежды // Международная экономика. – 2013. – № 1. – С. 87-89.
- 10 Алексеев П.В. Перспективы валютно-экономической интеграции в регионе СНГ. // Международная экономика. – 2013. – № 10. – С. 47-54.
- 11 Auf dem Weg zur Eurasischen Union, 2012 // DGAP. – URL: <https://dgap.org/de/node/22927>.
- 12 ЕЭК Министрі Карине Минасян: «ЕО және ЕЭО арасында диалог орнату олардың экономикалық дамуына қосымша күш береді» – 03.11.2015 // <http://www.eurasiancommission.org/kk/nae/news/Pages/03-11-2015-1.aspx>

References

- 1 Istoriya mirovoy ekonomiki: Uchebnik dlya vusov. – 3-e izd., pererab. I dop. / pod red. G.B. Polyaka, A.N. Markovoy. – М.: UNITI, 2011. – 671 s.
- 2 Evropeyskiy soiuz // ofitcial'nyi sait. – URL: <http://europa.eu>.
- 3 Henrik Müller. Währungskrise: Warum Europa zur Super-Nation werden muss // Spiegel online, 2012. – URL: <http://www.spiegel.de/wirtschaft/warum-die-euro-krise-zum-europaischen-bundesstaat-fuehrt-a-856381.html>.
- 4 Euraziyalyk ekonomikalыk odak turaly shartka kol koiyldy. – 29.05.2014 // http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/page_216906_
- 5 EvrAzES segodnya, Moskva. – 2013. – URL: <http://www.evrases.com/i/data/item7621-1.pdf>.
- 6 U Euraziyskogo soiuzа poyavitsya edinaya valuta I Centrobank, 2014 // Institut Russkogo zarubej'ya. – URL: <http://www.russkie.org/index.php?module=fullitem&id=32228>.
- 7 Baza statisticheskikh danykh Mejdunarodnogo valutnogo fonda // IMF, World Economic Outlook Database, October 2013. – URL: <http://www.imf.org/external/data.htm>.
- 8 Tamojennaya statistika vneshney torgovli Federal'noy tamojennoy slujby RF. – URL: http://www.customs.ru/index.php?option=com_content&view=article&id=13858&Itemid=2095.
- 9 Grinberg R.S. Evraziyskiy soiuz: hrupkie nadejdy. // Mejdunarodnaya ekonomika. – 2013. – № 1. – S. 87-89.
- 10 Alekseev P.V. Perspektivy valutno-ekonomicheskoy integracii v regione SNG. // Mejdunarodnaya ekonomika. – 2013. – № 10. – S. 47-54.
- 11 Auf dem Weg zur Eurasischen Union, 2012 // DGAP. – URL: <https://dgap.org/de/node/22927>.
- 12 EEK Ministri Karine Minasyan: «EO jane EEO arasynda dialog ornatu olardyn ekonomikalыk damuyna kosymsha kush beredi» – 03.11.2015 // <http://www.eurasiancommission.org/kk/nae/news/Pages/03-11-2015-1.aspx>